

БӘРЕКЕЛДІ!

Жамбылдық жампоздар жеңіспен оралды



Нұржан ҚАДІРӘЛІ

IV жазғы Пара Азия ойындарының грек-рим күресінен U-23 жасқа дейінгі ересектер арасында Әлем чемпионатының және Дүниежүзілік жауынгерлік өнер ойындарының жеңімпаз, жүлдегерлері облысқа олжалы оралды. Жамбылдық жампоздарды спортсүйер қауым Жақсылық Үлкенпіров атындағы «Тараз-Арена» спорт сарайында салтанатты түрде күтіп алды. Айта кетсек, биыл 22-28 қазан аралығында Қытай Халық Республикасының Ханчжоу қаласында өткен IV Пара Азия ойындарында Жамбыл облысынан 8 спортшы ел намысын қорғап, өңіріміздің өрендері 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль иеленді.

Сондай-ақ, Албания астанасы Тиранада өткен грек-рим күресінен 23 жасқа дейінгі балуандар арасындағы Әлем чемпионатында 67 килограмм салмақ дәрежесінде жерлесіміз Сұлтан Әсетұлы топ жарып, алтыннан алқа тақты.

Сонымен қатар, биыл 24-29 қазан аралығында Сауд Арабиясы Корольдігінің астанасы Эр-Рияд қаласында өткен Дүниежүзілік жауынгерлік өнер ойындарына облысымыздан 15 спортшы қатысып, 12-сі жүлдемен оралды.

Салтанатты шара барысында облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Арман Ташметов жампоздарды кезекті жеңіспен құттықтап, табыс тіледі.

Ал, IV жазғы Пара Азия ойындарының 2 дүркін жеңімпазы, жүзуден Азия Паралимпиада рекордын жаңартқан Нұрдаулет Жұмағали тақымын қысып, тілеуін тілеген барлық жерлестеріне алғысын жеткізді.

Сондай-ақ, грек-рим күресінен 23 жасқа дейінгілер арасында Әлем чемпионы Сұлтан Әсетұлының жаттықтырушысы Асылжан Байзақов пен армстрингтен Дүниежүзілік жауынгерлік өнер ойындарының қола жүлдегері, сонымен қатар аталған жарыстың жүлдегерлері Раушан Жаналиева мен Айгерім Қараманованың жеке бапкері Жұлдыз Күнтуғанова аулиеаталық спорт сайыпқырандары алдағы уақытта да ел сенімін абыроймен ақтап, биіктерден көрінетініне сенім білдірді.

Айта кетсек, Сауд Арабияда өткен дүниежүзілік жауынгерлік өнер ойындарында ел намысын біздің өңірден 15 спортшы қорғады. Жалпы, байрақты бәсекеге Қазақстанның атынан 53 спортшы қатысқан болатын.

МӘСЕЛЕ

Ауылдық жерлерге салынып жатқан мәдениет нысандарының уақтылы әрі сапалы салынуы маңызды. Жергілікті тұрғындардың өтініштерінен кейін бытыр жазда Жуалы ауданы, Ақсай ауылдық округіне қарасты Қайрат ауылында мәдениет үйінің құрылысы жаңадан басталған еді. Жалпы, Ақсай ауылдық округіне қарасты Қайрат ауылында екі мыңнан астам, Діқан ауылында мыңнан астам тұрғын бар. Мәдениет үйі сәтмен бітсе, екі ауылға ортақ қызмет етер еді. Алайда, бұл мәдениет үйінің «жыры» да, сыры да көп болып тұр.

Жаңа нысанның әлі жартысы да бітпеген

Есет ДОСАЛЫ

Қазақ «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген сөз бар. Мәдениет үйін салуды аманаттап алғандарға бұл қағиданың құны көк тиын сияқты. Жақында Қайрат ауылына арнайы барып, құрылысы жүріп жатқан мәдениет үйін көрдік. Көрік те «мұндай да жауапсыздық бола береді екен-ау» деп жағамызды ұстадық. Құрылыстың басында күзетіп жүрген жан баласы жоқ. Тіпті, тілдесер адам таппадық. Қайта, мәдениет үйінің тыста ілін тұрған төлқұжатынан біраз мәлімет алдық. 149 орындық мәдениет үйінің құрылысы 2022 жылы шілде айында басталған. Мердігер «ЕрК Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 8 ай мерзім ішінде бітіреміз деп уәделерін берген екен. Одан бері 16

айға жуық уақыт өтсе де, аталған нысан құрылысының 40 пайызы да әлі бітпеген. Жақында бұл нысанды облыстық мәслихаттың төрағасы Абдалы Нұралиевтің бастамасымен облыстық мәслихаттың бірқатар депутаттары келіп көрген екен. Мәдениет үйінің құрылыс қарқыны халық қалаулыларына да ұнамаған. Олар нысан жұмысының сапасыздығынан бөлек, сәулеттік кескінінің өзі мәдениет үйіне ұқсамайтынын айтады. Ал, жергілікті тұрғындар нысан құрылысын қатардағы супермаркетке немесе тұрғын үй үшін салынған ғимараттардың біріне ұқсатпайды. Біз Жуалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Сауырбаевтан мәселенің нақты жауабын сұраған едік. Құрылысқа жауапты бөлімнің

басшысы: «Қайрат ауылындағы 149 орындық мәдениет үйінің құрылыс-монтаждау жұмыстары 70 пайыз орындалған, «ЕрК Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарттың құны 194,878 миллион теңге. Құрылыс жұмыстары 2022 жылдың 13 шілдесінде басталып, 2023 жылдың 13 наурызында аяқталуы тиіс болатын. 2022 жылдың 26 желтоқсанында нысанның құрылысы барысында кешіліктер орын алуы бойынша №10-700 хабарлама Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына жолданды. Басқарма 2023 жылдың

30 қаңтарында нысанда тексеріс жүргізіп, кешіліктерді анықтап, айыппұл салуға негіздеме құжаттарын толтырып, мердігерді құрылыс жұмыстарын орындау лицензиясынан айырды. Мердігердің басқарма жүргізген тексеру актісінің күшін жою бойынша сотқа талап арызсы қанағаттандырылмаған. Басқарманың тексеруі кезінде және сот отырыстары барысында құрылыс жұмыстары тоқтап қалды. 2023 жылдың 12 маусымындағы тапсырыс берушінің келісімшартты мәжбүрлеп аяқтауға міндеттеуге талап арызсы бойынша, сот қарауында келісімшартты бұзғу нұсқау берілді.

БИЛІК ТЫНЫСЫ

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев ірі шетелдік компаниялардың өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді. Кездесуде Қытайлық «China Energy Engineering Group, Shanxi Electric Power Construction» компанияларының өкілдерімен өткен кездесуде жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды дамыту жоспарлары талқыланды.



Жобаларды жүзеге асыруға барлық жағдай жасалады



Нұрдаулет АСАН

Қытайлық компания облыс аумағында жел және күн энергетикасын дамыту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға, күн батареяларын шығаратын зауыт салуға ниетті.

– Облысымызда бірнеше индустриялық аймақтарды ашу

жоспарлануда, онда жобаларды жүзеге асыру үшін барлық жағдайлар жасалатын болады. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан қажетті көмектер көрсетіледі, – деді облыс әкімі. «Жамбыл Гипс» акционерлік қоғамының өкілі Владимир Рахманов кәсіпорын қызметін одан әрі кеңейту жоспарлары туралы айтып берді.

«Жамбылгипс» акционерлік қоғамы гипсті құрғақ құрылыс қоспалары мен гипсті құрылыс плиталарын өндіруші болып есептеледі. Бүгінде зауытта 140 адам еңбек етеді. Өткен жылы гипсокартон өндіру іске қосылған цехта осы жылдың тоғыз айында 58247 тонна құрғақ қоспалар, 104 мың тонна гипс өндірілген.

Кездесу барысында тараптар кәсіпорынды сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз ету, аралас өндірістер құру мәселелерін талқылады.

Ербол Қарашөкеев пен «Доминант» компаниялар тобының коммерциялық директоры Александр Демидов Тараз қант зауытын одан әрі дамыту жобаларын қарады. Зауыттың ағымдағы қуаттылығы тәулігіне 400-ден 600 тоннаны құрайды. Ұсынылған инвестициялық шаралар іске асқан жағдайда өнімділік 20 пайызға артады деп күтілуде. Осы жылдың қаңтар-тамыз айларында 102890 тонна қант өндірілген.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Бюджет қаражаты мақсатты игерілуі тиіс



Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен кеңейтілген әкімдік мәжілісінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және бюджеттің атқарылуы туралы мәселелер қаралды.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сандуғаш Абдралиеваның айтуынша, осы жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы өңірлік өнім 1290,7 миллиард теңгені құрап, 6,1 пайызға артқан. Экономикалық өсім – 1,3 пайыз. Ал, тоғыз айда өнеркәсіп

өнімінің өндірісі 3,7 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 12,6 пайызға, тұрғын үй 0,2, сауда 2,5, байланыс 8 пайызға артып, ауыл шаруашылығы 7 пайызға төмендеген. Көлік қызметі өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейде қалыптасты. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 2 пайызға өсіп, 314,2 миллиард теңгеге жетті. Өнеркәсіп саласында 634,3 миллиард теңгені өнімі өндіріліп, оң динамика жалғасуда.

Сондай-ақ, басқарма басшысы республикалық деңгейден төмен қалыптасқан көрсеткіштерді, кемшіліктерге жол беріп, тиісті нәтижеге

қол жеткізе алмаған басқармалар мен аудандарды да ашып айтты.

Облыс әкімі жұмысы сылбыр басшылардан жауаптар алып, жыл қорытындысымен кемшіліктерді реттеуді тапсырды. Аймақ басшысы монокалалар бойынша әзірленген арнайы кешенді жоспардың орындалуы барысына арнайы талдау қажеттігін баса айтты.

Басқосу барысында облыс әкімдігі қаржы басқармасының басшысы Батырхан Әкек осы жылдың бірінші қазанына сәйкес облыс бюджетінің кірістері 427,4 миллиард теңгеге немесе 103,9 пайызға орындалғанын жеткізді.

ЖАЗЫЛЫМ-2024

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!
СІЗДЕРДІ 2024 ЖЫЛЫ ДА ӨЗДЕРІЗДІҢ СҮЙІКТІ ГАЗЕТТЕРІҢІЗ «AQ JOL»-дан ҚОЛ ҮЗБЕЙДІ ДЕГЕН СЕНІМДЕМІЗ!



ТАРАЗ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЫНА БӨЛІМШЕЛЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ:
«ТАРАЗ ПРЕСС» ЖШС,
«ҚЫРАН-ПРЕСС» ЖК,
«ЖАМБЫЛ-ПРЕСС» ЖК

БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ:

Заңды тұлғалар үшін Индексі 15457

ТАРАЗ, ҚАРАТАУ, ЖАҢАТАС, ШУ ҚАЛАЛАРЫ БОЙЫНША

6 айға – 3449,76 теңге, 1 жылға – 6899,52 теңге

АУЫЛДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРҒА:

6 айға – 3770,22 теңге, 1 жылға – 7540,44 теңге

Жеке тұлғалар үшін Индексі 65457

ТАРАЗ, ҚАРАТАУ, ЖАҢАТАС, ШУ ҚАЛАЛАРЫ БОЙЫНША

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА:

6 айға – 3520,26 теңге, 1 жылға – 7040,52 теңге



ОБЛЫСТЫҢ ӘКІМДІКТЕ

Бюджет қаражаты мақсатты игерілуі тиіс

« 1

Меншікті кірістер жоспары 117,8 пайызға орындалса, жалпы, облыс бойынша бюджеттік қаражаттар 433,3 миллиард теңгеге немесе 99,9 пайызға игерілген. Бұл – республика бойынша 3-ші орын көрсеткіші.

Жиында Меркі ауданының әкімі Жорабек Баубековтің, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрби Жігітековтің де есебі тыңдалды.

Ербол Қарашөкеев экономиканың негізгі салалары – өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инвестицияға айрықша назар аударып, нақты инвестиция тарту бойынша жұмыстарды күшейту керектігін атап өтті. Ірі инвестициялық жобалардың жанынан жергілікті кәсіпкерлерді тарта отырып, шағын және орта жобаларды жүзеге асыруды ұйымдастыру, сол арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, тұрғындарды тұрақты табыспен қамту шараларының маңыздылығын тілге етті. Сондай-ақ, аудандарда арнайы экономикалық аймақтар құру, бюджет шығындарын тиімді игеру, өнімдердің әлеуетін ұтымды пайдалану керектігіне де айрықша көңіл бөлді.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы суармалы алқаптарды кеңейтуге облыстың жерасты су қорын игере отырып, ұңғымалар қазу, су үнемдеу технологияларын көптеп енгізуге басымдық берді.

Кенейтілген мәжілістің күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша орындаушылық тәртіп барысы қаралды.

Облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Рүстем Қасымов жыл басынан бері берілген тапсырмалардың орындалуы, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауы секілді бірқатар көрсеткіштерді баяндады.

Облыс әкімі барлық бағыттағы



жұмыстардың көрсеткіші бойынша жыл қорытындысымен тиісті шешімдер қабылданатынын ескертті.

– Қазіргі қалыптасып отырған жағдайды ескере отырып, облыс экономикасына әсерін тигізетін негізгі салалардың жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуіміз қажет.

Халықтың табысын арттыруға, жұмыссыздыққа жол бермеу бағытында мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын тиімді пайдалана отырып, облыс экономикасын одан әрі дамыту жолында қаралған міндеттерді жүзеге асыруымыз керек.

Инвестиция тарту, мемлекеттік бағдарламалар арқылы бөлінген қаржылардан жергілікті кәсіпкерлер шет қалмауы тиіс. Ол үшін жергілікті жерлерде

түсіндіру жұмыстарын арттыру маңызды. Орындаушылық тәртіп мәселесіне аса көңіл бөлініздер. Халықтың әл-ауқатын жақсарту, тұрғындарды толандыратын және облыстың өзекті мәселелерін шешуге, өңіріміздің дамуына бағытталған жұмыстарды белсенді атқаруымыз қажет, – деп түйіндеген Ербол Қарашөкеев аудан әкімдері мен басқарма басшыларына халықпен нәтижелі әрі сапалы кері байланысты нығайта түсуді тапсырды.

Сондай-ақ, аймақ басшысы мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша назар аудартып, бір көзден сатып алуларды тоқтату қажеттігін баса айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

Меркі ауданына қарасты Аспара ауылдық округі аудан орталығынан шалғай орналасқан. Ауылдық округ 2002 жылы құрылған. Құрамында үш елді мекен бар. Халық саны 1693 адам.

Аспара ауылында ауыз судан мәселе жоқ

Мақпал СҮЙІНБАЙ

Меркі ауданына қарасты Аспара ауылдық округі аудан орталығынан шалғай орналасқан. Ауылдық округ 2002 жылы құрылған. Округке қарасты үш елді мекенде 1693 тұрғын қоныстанған. Округ аумағында тұратын аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөнінде округ әкімі аппаратының жанынан арнайы комиссия құрылып, жұмыс істеуде. Биыл тоғыз айдың қорытындысында округ аумағында тұратын жеті отбасынан 40 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, қаржысы толығымен төленуде. Бүгінде бұл округте кәсіпкерлік саласы бойынша екі жоба іске асырылған. Жобаның құны 18 миллион теңгені құраған, нәтижесінде екі адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ауыл шаруашылығы саласы да айтарлықтай дамып келеді. Аспара ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында аталған ауыл әкімі Гаухар Оспанбекова мәлімдеді.

Оның айтуынша, бүгінде Аспара ауылы орталықтандырылған ауыз су жүйесімен толықтай қамтамасыз етілген. Округке қарасты Құмарық, Қайыңдысай ауылдарына да ауыз су жүйесін жүргізу үшін тиісті қаржы қарастырылып, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленген. Сонымен қатар, округке қарасты үш елді мекен де табиғи газды тұтынып отыр. Бүгінгі таңда 312 үйдің 281-і көгілдір отынмен қамтылған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдық округтің сегіз көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ, А.Балапанов, А.Сейтжапар, Тұран, Аспара көшелеріне түнгі жарықтандыру шамдары орнатылып, Аспара ауылына кіші футбол алаңшасы салынған.

– Келер жылы Қайыңдысай ауылының Шұғыла, Аққайнар, Р.Нүсіпбеков көшелеріне түнгі жарықтандыру шамдарын орнату жоспарланып отыр. Аспара ауылындағы орталық саябақ қоршалды. Жалпы, ауыл бойынша бүгінгі таңда жұмыссыз ретінде алты адам тіркелген. Биыл қоғамдық ақылы жұмыспен 22 адам, «Жастар тәжірибесімен» 9 жас жұмысқа орналастырылды. Ал, тегін оқуға төрт азамат жіберілді. Биыл атаулы әлеуметтік көмек жеті отбасына тағайындалды, – дейді Гаухар Жарасқызы.

Ауылдың жай-жағдайы баяндалғаннан кейін ауыл әкімі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

МӘСЕЛЕ

Жаңа нысанның әлі жартысы да бітпеген

« 1

Қазіргі таңда мердігер лицензиясынан айырылуына қарамастан, құрылыс жұмыстарын 2023 жылдың аяғына дейін аяқтау жоспарланып, ғимараттың ішкі инженерлік желілері жұмыстары орындалуда», – деп жауап берді.

Ал, аталған аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ғазиза Естаева: Нысанның құрылысы аяқталғанға басқа бөлім жауапты. Соған қарамастан, түрлі комиссиялармен бірге салынып жатқан мәдениет ошағын біз де көріп, бақылап отырмыз. Мәдениет үйінің кескін-келбеті шындығында сауда орталықтарының кескініне келеді. Мәдениет үйінің құрылысы деуге келмей тұр. Мұны жергілікті тұрғындар да айтып отыр. Бізде мәселе жалғыз Қайрат ауылында емес. Мыңбұлақ ауылдық округіне қарасты Көлбастау ауылындағы 149 орындық мәдениет үйі құрылысының мердігері «Dauren build» ЖШС өз тарапынан құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастамай, өндірістік кестені мерзімінен кешіктіруіне байланысты, облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына мердігерден аванстық төлемді қайтаруға, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп таунаға талап арыз дайындалуда», – деді.

Облыстық мәслихаттың депутаты Керімқұл Бегалиев болса: «Жасыратын несі бар, Қайрат ауылындағы нысан мәдениет үйінің құрылысына келіңкіремізді. Оның үстіне кестеден сонша уақыт кешігіп жатыр. Қазір мердігерлер әуелі бір нысанды белгілі сомаға ұтып алады. Сөйтсе де екі-үш ай өткен кезде: «Ойбай, құрылыс материалдары қымбаттап кетті. Қосымша қаражат бөлу қажет» деп шығады. Бұл дұрыс емес. Айтатын ақшасын басында зерделеп айтпай ма?», – деп қынжылды.

Біз Қайрат, Дикан ауылдарын аралап, тұрғындардың да пікірін білдік. Ауыл тұрғыны Индира Қасымбекова: «Ауылдан мәдениет үйінің құрылысы басталғанға қуанып едік. Бұл мекемемен бірге қосымша 6-7 адамға жұмыс орны ашылады деп ойладық. Өзім мектепте кіші қызметкермін. Балаларымыз бар. Жұбайым жұмыссыз. Нысанның құрылысы аяқталса, жұбайым сол жерге күзетші болып жұмысына кіреді деген жоспарымыз бар. Бұл жерде мәдениет үйі ғана емес, кітапхана да болады. Бірақ, қазіргі келбетіне ауыл тұрғындарының көңілі толмай отыр. Салынып жатқан құрылыстың сапалы болғанын қалаймыз», – десе, Ақсай ауылының ақсақалы, ардагер ұстаз Жамалбек Багаев: «Қайратта екі мың, Диканда мың тұрғын бар. Мәдениет үйі сапалы салынса, екі ауылға қуаныш сыйлайтын еді. Өзірге көңіліміз көңіліміз жұмыс болмай тұр. Түрлі комиссиялар келіп көріп жатыр деп естіміз. Енді бір жөніне келетін шығар деген сенімім бар», – дейді.

Біз де құрылыс нысанын көзімізбен көрдік. 8 айда бітеді деген құрылыстың іші әлі сыланбаған. Төбесіндегі жабындылар желменен қозғалып, ұшып кетейін деп тұр. Есік-терезелері де жоқ. Айналасына әрлеу, тас төсеу жұмыстары мүлдем жүргізілмеген. Бір сөзбен айтқанда, әлі бітпеген «ауы менен бауы» көп. Бірақ, жергілікті жауаптылар былғы жылдың соңына дейін аталған мәдениет үйінің құрылысы толық аяқталады деп сендіріп отыр. Әрине, ол уақытқа екі ай ғана мерзім қалды. Кім біледі, мүмкін сол мерзімге дейін мұндағы құрылыс жұмыстары аяқталып та қалар. Бірақ, 16 айдың ішінде жарты құрылысы да бітпеген нысан ендігі екі айдың ішінде сапалы аяқталады дегенге сену қиын. Аяқталған күнде де сапасы сын көтере ала ма екен?! Мәселе сонда...

«Aq Job»-Aqparat.

Жуалы ауданы



Оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір, яғни руханият ордасының ашылу салтанатына «Қазақстан Республикасы баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар» қауымдастығының президенті Әділ Қойтанов пен орынбасары Алмас Ахметбекұлы, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары, ақын Маралтай Райымбекұлы, жазушы-драматург Елен Әлімжан және өңірдің зиялы қауым өкілдері мен оқырмандар қатысты.

Кітап орталығы ашылды

Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне, ұлттық мүдделеге сай келетін кітаптар басып шығаруға ерекше назар аударды. Президент кітап шығару ісі идеологиялық жұмыстың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті.



«Amanat» партиясы Президенттің осы бастамаларын қолдап, «Amanat» партиясы мен Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды және барлық өңірде «Кітап-Аманат» кітап дүкендерін ашуды қолға алды.

Бүгін осындай парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы, яғни «Кітап-Аманат» кітап орталығы партия Байзақ аудандық филиалы жанынан ашылды. Айта кетейік, республика деңгейінде алғаш рет аудандық деңгейдегі мұндай орталық біздің облыстан ашылып отыр.

Жиында «Amanat» партиясы облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов оқырмандарға есігін жаңадан ашқан «Кітап-Аманат» кітап орталығы тек кітап сататын орын емес, сонымен қатар, нағыз мәдени-ағарту орталығына айналуы тиіс екенін жеткізді.



қатысуымен түрлі іс-шаралар, жаңа кітаптардың тұсауесері мен талқылаулары өтеді және тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылады. Кейінгі уақытта ғылыми және білім беру мазмұнындағы көп әдебиет қазақ тіліне аударылды. Бұл кітаптардың сапасы да, мазмұны да жақсы. Алайда, таралымы аз болған соң, оқырманның бәрине бірдей жете бермейді. «Кітап-Аманат» жобасы осы олқылықтың орнын толтырады. Осылайша, біз жазушылар мен баспагерлерге қолдау көрсетеміз, отандастарымызды кітап оқуға ынталандырамыз, – деді Дауыл Ынтықбайұлы.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар» қауымдастығының президенті Әділ Қойтанов осыған дейін автор, баспахана, кітап дүкендері мен кітапхана арасындағы байланыс үзіліп қалғанын атап өтіп, «Amanat» партиясының «Кітап-Аманат» жобасы осы олқылықтың орнын толтырып жатқанын жеткізді.



– Осы жобаны партиямен бірге іске асырудағы мақсаттарымыздың бірі – оқырмандарды халықты жаңа кітаптармен таныстырып, кітапханаларымызды кітаптармен толықтыру. Киелі Әулиеата өңірінде ақын-жазушыларымыз жетерлік. Олардың еңбектері мемлекеттік тапсырыс аясында, жеке және демеушілікпен кітап болып басылып шығарылуда. Осы шыққан кітаптардың барлығы жер-жерге жетпейді. Яғни, оның тамаша кітабы осы өңірде ғана қалып қояды. Басқа өңірге жетпей жатады. Сондықтан, біз әр облыс орталығынан осындай орталық ашып, сол жерде авторлардың кітаптары тұрса деп ойлаймыз. Аталған жоба аясында осы олқылықтың орнын толтырмақпыз. Бұл өз кезегінде авторға да, кітап орталықтарына да тиімді. Себебі, автордың кітабын осы орталық сатып беретін болады, – деді Әділ Қойтанов.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар» қауымдастығының вице-президенті орынбасары Алмас Ахметбекұлы бүгінгі қоғамда барлық дүниенің саудасы



қызып тұрғанымен кітап саудасы мүлде жоқ екенін өкінішпен атап өтті. Сондықтан, ол «Кітап-Аманат» жобасы арқылы авторлардың кітаптарын өткеруге тамаша мүмкіндік туындап отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, жазушы-драматург Елен Әлімжан, ақындар Үміт Битенова мен Қасқырбай Нарбатыров бұл бастаманың оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір болатынына сенім білдіріп, руханият ордасына айналғалы тұрған кітап орталығының алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Ал, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары, ақын Маралтай Райымбекұлы «Кітап-Аманат» жобасының тиімді тұстарын атай келе, өзінің «Кітап» өлеңін оқып берді.

Мұнан соң «Amanat» партиясы Байзақ аудандық филиалының төрағасы Индира Спаналиева кітап орталығының жұмысымен таныстырды. Оқырмандарға есігін енді ғана ашқан орталықта 1000-ға жуық кітап бар. Олардың арасында жергілікті авторлардың тың дүниелерінен бөлек, балалар әдебиетіне дейін қамтылған.

Айта кетейік, «Кітап-Аманат» кітап орталығы тек кітап сататын орын емес, сонымен қатар, нағыз мәдени-ағарту орталығына айналмақ. Ол үшін партия облыстық филиалы барынша жұмыс жасап, алдағы уақытта орталықта отандық жазушылар, авторлар, баспагерлердің қатысуымен түрлі іс-шаралар, жаңа кітаптардың тұсауесері мен талқылауларын ұйымдастыратын болады.

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Жуалының көрігі – «Ақ Алтып»-ның өнімі

Төрт түлік малдан алынатын табиғи шикізаттан сапалы өнімдер әзірлеуде жуалылықтар ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр. Қазіргі таңда аудан аумағында бірнеше сүт өнімдерін өндіру цехтары бар. Солардың алдыңғы шебінде Бауыржан Момышұлы ауылындағы «ІФ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Ақ Алтып» сүт өнімдерін өндіру цехы тұр.

Есет ДОСАЛЫ

Цех менгерушісі Сұлушаш Матева мұнда Ресей, Қытай, Германия мемлекеттерінен заманауи кондырғылар алынып жатқанын айтты. Кәсіпорын осыдан 5 жыл бұрын ашылған. Қазіргі таңда айран, қаймақ, сүзбе, ірімшіктің сан алуан түрін өндіруде. Бұл сүт цехының жұмысы туралы жақын маңдағы ауылдар тегіс құлақтанған. Сол ауылдардан күн сайын арнайы көлікпен сиырдың сүті жиналып тұрады. Тұрғындар сүттің литрін 150 теңгеден кем өткізбейді. Бұл бірлескен жұмыс сиыр бағып отырған тұрғындарға да, цехқа да тиімді. Аталған цех тәулігіне 2 тоннадан астам сүт қабылдап, одан 700-800 килограмм дайын өнім әзірлеп шығарады. Өнімдерді сапалы күйінде сақтау үшін 3 мұздатқыш сатып алынған.

Цехтың арнайы өнім таситын машинасы аптасына Алматы қаласына 2 рет, Қызылорда, Түркістан, Шымкент қалаларына бір мәрте қатынайды. Аталған қалалардағы тұтынушылар «Ақ Алтып» цехының сүт өнімдерін жоғары бағалайды. Одан бөлек, апта сайын дайын өнімдер Астана қаласына жол тартады. Тараз,

Қаратау, Жанатас қалаларына, Меркі мен Құлан аудандарына мұндағы әзірленген өнімдер күн сайын жөнелтіледі.

Цехта 20 адам тұрақты еңбек етеді. Жұмысшылардың орташа жалақысы 115 мың теңгені құрайды. Бұл, әрине, жаман көрсеткіш емес. Ал, цехтың жұмысына ерекше күш беріп тұрған технозорлар 190 мың, қадағалаушы мамандар 170 мың теңге жалақы алады.

«Ақ Алтып» цехы табыстан бұрын өнімнің сапасын ойлайды, тұтынушының сеніміне не болып, соған сай болуға мән береді. Сондықтан, ауданға келген өкілдер, халық қалаулылары аталған цехқа арнайы барып, мұндағы берекелі тірлікке он бағасын беріп кетеді. Аудан ақсақалдары да цехтың жұмысына разылықтарын алқалы жыйндарда айтып жүр. Аталған кәсіпорынға біз де арнайы барып, жұмыс барысын көзімізбен көріп, көңілге көп жайды түйдік. Еңбек адамдарының тынымсыз істеріне куә болдық.

Механик Сәкен Байұзатовты іс басынан кездестірдік. Май шығарушы Роза Тілеуқұлова, айран құюшы Гүлшат Мейірханова мен Лияс Токпанов өз ісінің нағыз шеберлері екенін



тиянақты да ширақ қимылдары арқылы байқатты. Олар жұмыс ырғағының қарқынын арттырып жүрген үздіктер. Әрине, өзге жұмысшылардың да еңбегі бағалауға лайықты.

– Біздегі еңбек қозғалысы өте жоғары. Мұндағы қарбалас бір сәт те толастамайды. Қазақта «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген сөз бар. Осы кәсіпті 5 жыл бұрын «тәуекел» деп бастап кетіп едік. Міне, нәтижесі өз жемісін көрсетіп келеді. Біздің цех өнімдеріне сұраныс күннен күнге артып келеді. Мүмкін, ол өнімдеріміздің сапа жағынан жоғарылығынан болар. Әрине, еңбегіміздің жанып, өнімдіміздің тұрғындарға ұнап жатқанына өте қуаныштымыз. Бұл – осы нехта еңбек ететін барлық

жандардың төккен терінің, өз ісіне адал жауапкершілігінің жемісі. Өнімдерімізге сұраныс жоғарылаған сайын көлемін де арттыра береміз. Оған мүмкіндігіміз жетеді. Сиыр бағатын шаруа қожалықтармен, жеке тұрғындармен байланысымызды нығайтып келеміз. Табысты еңбекті алдағы уақытта да жалғастырып, жетістіктерімізді ұлғайта түсер жоспарымызға қарай келер күннен күткен үмітіміз де мол, – дейді аталған цех менгерушісі Сұлушаш Зиятбекқызы.

Халыққа таза табиғи тағам ұсынып, табыс көзін арттыра отырып, ел экономикасына үлес қосуды мақсат еткен кәсіпкерге үмітінің ақталуын тіледік.

Жуалы ауданы

ПАТРИОТИЗМ



Нұржан ҚАДІРӘЛІ

«Жас Ұлан» қатарына ең белсенді әрі лайықты оқушылардың қосылу сәтін Тараз қаласындағы №13 орта мектептің оқушылары мен ұстаздары ерекше күтті. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы штабының офицерлері балғындарға көк галстук байласа, олар Отанға адал болуға ант берді. Осылайша, әскери-патриоттық қозғалысқа қосылу үдерісі балалардың есінде мектеп жылдарындағы жарқын оқиғалардың бірі ретінде сақталды. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тәрбие және идеологиялық жұмыс басқармасының офицері, полковник Айбек Жүсіпов: «Бұл идеялық тұрғыдан өте дұрыс шешім. «Жасұландықтар» қатарына мектеп оқушыларын қабылдау салтанаты әскери рәсімдердің барлық ережелеріне сай өтті. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери оркестрінің орындауындағы марш іс-шараға ерекше сән беріп, балалар әскерилердің өнеріне тәнті болды», – десе, аталмыш мектептің мұғалімі Оксана Дьяченко:

– «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери



Оқушылар әскери округте ант берді

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы штабының аумағында Жастар әскері қозғалысына балаларды салтанатты қабылдау рәсімі өтіп, офицерлер балаларға Мемлекеттік Тумен түстес галстуктар тақты.

қызметкерлеріне балаларды өз аумағында «Жас Ұлан» қатарына қабылдау туралы өтінішімізді қолдағандары үшін алғысымыз бен ризашылығымызды білдіреміз. Мұндай салтанатты рәсім олардың санасында маңызды оқиға ретінде сақталады. Балалар «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының штабында

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының штабына бару мектеп оқушылары үшін өзіндік ерлік сабағы болды. «Оңтүстік» РҚБ әскерлері жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге үлкен мән береді және «Жас Ұлан» қатарына қосылу сияқты маңызды оқиғалардан патриотизмнің іргетасы қаланады.



«жасұландық» болғандарын айрықша мақтан тұтады. Жастар армиясы ұйымына кіріп қана қоймай, балалар штаб аумағын аралаудан үлкен әсер алды. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының құрылу тарихымен танысып, әскери даңқ залында болып, ашық аспан астындағы мұражайдағы қару-жарак пен әскери техника үлгілерін тамашалады, – деді.

Осылайша, жас азаматтардың бойында елге, оның маңызды оқиғаларына, әскерге, әскери қызметке деген сүйіспеншілік пен құрмет бала кезінен қалыптасады», – деді «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тәрбие және идеологиялық жұмыс басқармасының офицері, подполковник Эльмира Жұмашова.

Тараз қаласы

КӘСІПКЕРЛІККЕ – КЕҢ ӨРІС

Өңірімізде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба іске асуда. Бұл жоба бойынша тараздықтар жаңа бизнес идеяларды қолға алып жатыр. Көлемі 1 380 000 теңге болатын мемлекеттік грантқа осы жылы көп адам қатысты.

Қайтарымсыз қаржыға үміткерлер іріктелді

3 лектен 1970 азаматтан келіп түскен өтінімдердің 752 бизнес жобасы мал шаруашылығына жасалған. 155-і тігін шеберханасына арналған. Ал, 93 жобадан сұлулық салоны мен компьютерлік қызмет көрсету орталығын ашу көзделген. Жоспардың 68-і емшара кабинеттерін ашуға, 517-сі өзге қызмет түрлеріне бағытталған.

Тараз қаласы бойынша үміткерлер «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми білім беру мекемелері өкілдерінен, бизнес, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен, салалық сарапшылардан құралған комиссия отырысына шақырылды. Комиссия отырысында 1970 үміткердің 1695-і бизнес жоспарын таныстырса, 275 өтініш беруші белгісіз себептермен келмеді.

Комиссияның әрбір мүшесі бизнес жоспарды бұйрықтың өлшем-шарттары бойынша бағалайды. Яғни, бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру бойынша бағаланып, 183 азаматқа грант қаржысын беру туралы шешім қабылданды.

Комиссияның он шешіміне не болған бизнес жобалардың қатарында құлпынай жылыжайын салу, тамшылатып суару әдісі арқылы микрозелен өндіру, кір және ніс сабындарын өндіру бойынша цех ашу, сондай-ақ, балаларға арналған әдістемелік құрал жасау, оқу кабинеттерін ашу, логопед, дефектолог кабинеттерін ашу сияқты жобалар тандалды. Сонымен қатар, жамбас сүйектері жетілмей туылған нәрестелердің сауығып кетуіне жаңа технологиялармен массаж жасау кабинетін, қала тіршілігіне маңызды көріз құбырын тазалау, қазақи ағаш бұйымдарын лазермен оюлап жасау әдісі сынды жобалар және ұзақ сақталатын құрт, ірімшік өнімдерін экспортқа шығару жобалары қолдау тапты.

Мәселен, логопед-дефектолог орталығын ашу жобасы бойынша қорғалған жоба қазіргі уақытта аталған орталықтың қоғамға қажеттілігі зор. Себебі, мұндай орталық бүгінде ата-аналар тарапынан сұранысқа ие. Бұл орталықтың негізгі мақсаты – тіл мүкістігі бар балалармен тығыз жұмыс жасау, оны қоршаған ортаға бейімдеу.

Әр лектің тәуелсіз комиссия мүшелері ауысып отырады. Себебі, мұнда сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсаты көзделген.

Динара БАЯНОВА, кәсіптік оқу және кәсіпкерлікті қолдау бөлімінің басшысы.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕ

Облыста жыл басынан бері тәртіптік комиссия отырыстарында 93 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Олардың 14-іне ескерту, 65-іне сөгіс, тағы 14-іне қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Осы сынды мемлекеттік қызметшінің әдеп нормалары мен заң аясында жұмыс істеу барысы жайлы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстағы әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысында айтылды. Жиынды әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Лесбек Ллебаев ашып, онда жалпы 11 мәселе, оның ішінде 3 тәртіптік іс қаралды.

Үш тәртіптік іс тоқтатылды

Жүрсінгүл ЖАҚЫП

Алдымен Жуалы ауданы әкімінің орынбасары Асхат Жабағыға, осы аудан әкімдігінің қаржы бөлімінің басшысы Қуаныш Ғалиұлына, аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Саурбаева қатысты қозғалған тәртіптік істер қаралды. Әдеп жөніндегі кеңес бұл азаматтарға қатысты заңды күшіне енген сот актілерін ескере отырып, аталған тәртіптік істерді тоқтату туралы шешім қабылдады. Одан бөлек, Байзақ және Жамбыл ауданы әкімі аппараттарының қызметінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар туралы тиісті аудан әкімдері аппараттарының басшылары Еркін Зәуірбеков пен Самат Селеубаевтың есептері тыңдалды.

Кеңесте, сонымен қатар, облыс бойынша мемлекеттік кірістер органдарының және Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының тәртіптік комиссияларының 2023 жылдың өткен кезеңінде атқарған жұмыстары туралы комиссия төрағалары есеп берді.

Бұдан бөлек, жергілікті атқарушы органдардың әдеп жөніндегі уәкілдерінің және облыстың мемлекеттік органдарының тәртіптік комиссиялары атқарған жұмыстарға жасаған талдауларының қорытындылары, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік орган жойылған (таратылған), қайта ұйымдастырылған, басқару құрылымы өзгерген кезде мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуына жүргізілген талдаудың нәтижелері қаралды.

Әдеп жөніндегі кеңес профилактикалық мәселелерді қарау нәтижесінде тиісті ұсынымдар енгізді.

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ - 100

КЕМЕЛ АҒАДАН

«Қалпе ауылын бір көрсем, ел-жұртымен, жер-суымен бір танысам, шіркін!» деп жүргем. «Жолаушының жолы жүрсе бітпеді». Талдықорған сапарында осы арманым орындалды.

**Қаратал,
Қалпе ғибраты**

**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ,
жазушы-журналист.**

Жетісу өңірінің атына заты сай: ірлі-ұсақты кілен өзендерден тұрады. Солардың бірі – Қаратал.

Қалпе ауылына бара жатып соның көпірінен өттік. Суы қап-қара боп арнаның кемірінен келін ағып жатыр. Мол суды көріп сүйсіндім, риза болдым. Өйткені, Киров су қоймасының салдарынан суы мен нұынан айырылған Талас өзенінің мүшкіл хал-жағдайы есіме түсіп кетіп, көңілім жабырқамасы бар ма. Сондай көңіл-күйден бе, Талдықорған жақтағы Көксу, Тентек өзендерінен өткен кездерімде де келіктің терезесінен мойнымды созып, олардың арналарына да біздің Талас сияқты емес пе екен деп күдікпен қарағам, жоқ, олар да толып, толықсып ағып жатыр. Ең суы жоқ деген Мұқыры өзенінің табанында да су жағыр. Осыдан болар, Жетісу өңірінің сулы, ылғалды, сазды жағының талдары өте көп. Талдықорған деп тауып қойылған қаласының атына өте лайық.

Қалпе ауылына жеткенше бірнеше елді мекендерден өттім, бөрінің іргесінде озан, арық, арна, бөрінің көшесінде сапқа тұрған жауынгерлердей боп қатар түзілген сұлу талдар. Асфальт жолдарының да ой-шұңқыры жоқ, тақтайдай тегіс.

Қалғанды сөз




Қалпенің түбінен теміржол өтеді. «Түркісібіңіз» осы» деді жолсерігім. Бір жағы Ібір-Сібірден, екінші жағы Түркістаннан басталған теміржол желісі сонау 1930 жылы осы Қалпе ауылының маңайындағы Айнабұлақ бекетінде түйісіпті. Ол үлкен мерекке айналыпты. Атақты суретші Әбілхан Қастеевтің «Түркісібі» деген суретіндегі аттылы, түйелі, жаяу-жалпылы қыр қазақтарының бұ поңызын алғаш көрген сәтіндегі балаша таңғалған аласыз бейнелері бар емес пе, тура сондай көңіл-күйде болған ғой. Үлкен жолдың соңғы темірқазығы да сол кезде қағылыпты. Ауылдарының іргесінен өтетін шойын жолды жергілікті жұрттың «Түркісібі» дейтіні сондықтан екен.

Бірақ біздің Жамбыл жақтағылар Тараздан, Луговойдан, Шудан, Шығанақ, Мойынтыдан өтетін теміржолды неге «Түркісібі» демейтіндерін ойлап, ішімінен таңғалып қойдым. Өйтпесе, Семейден шыққан теміржол да кезінде Жамбыл, Луговой жақтан басталған теміржолмен түйіскен жоқ па?! Оның басы-қасында басқа емес, жерлесіміз Тұрар Рысқұловтың өзі жүрді емес пе? Ол тұңғыш кәсіби теміржолшы Мұхамеджан Тынышбаевты қолдап,



оның теміржолды Қордай асуы емес, Шоқпар арқылы салу керек деген пікіріне оң қабақ танытты емес пе? Бірақ, мәселенің бәрі тарихқа деген



көзқарастың кей жерде артықтау, кей жерде кемдеу соғып жататындығынан-ау...

Қаратал ауданының орталығы – Үштөбе қаласындағы Кемел Тоқасев атындағы орта мектептің мұражайынан қаламгер ұстаған, тұтыңған жәдігерлерді суретке түсіріп алғаным да, әрине, мен сияқты журналист-жазушы үшін біраз олжа. Бірақ, Қаратал өңірінің табиғатынан алған әсерім, тіпті, бөлек. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деген рас-ау, сірә.

Үштөбе ұлағаты

Валентина Григорьевна Спиридонова Үштөбе қаласында тұрады. Ол осындағы орта мектепте көп жыл директор болған. Үштөбе орта мектебі деп аталып келген білім ұясына 1996 жылы майдангер-жазушы Кемел Тоқасевтың аты-жөні берілгеннен кейін жерлес жазушының детектив жанрының тұңғышы екенін оқушы ұрпақтары мақтан тұтып, біліп жүрсін деп музей жасаудың қамына кіріседі.

Ол үшін, әрине, ең алдымен құнды экспонаттар керек. Валентина осы талапты түсініп Алматыға барып, жазушының туған-туыстарымен, артында қалған ұл-қыздарымен сөйлесіп, Кемел ағадан қалған көздеуге болатын біраз жәдігерлерді музейге алып келеді.

Музей төрінде тұрған ол жәдігерлердің бәрі түпнұсқа: жазушы киген сұр кестем-шалбар, ақ көйлек, соғыс кезінде майдангерге берілген

бірінші және екінші дәрежелі «Данқ» ордендері, екі бірдей «Ерлігі үшін» медалі, сол кездегі билік тарапынан алған Алғыс хаттары, сонымен бірге қаламгердің шығармаларының дүниеге келуіне себеп тиген жазу мәшинкесі, жазушы үйінің сәні болған жиһаз (ол кезде «стенка» деп атайтын еді ғой), жазушы қолы боста тыңқылдатып отыратын қоңырқай домбырасы және басқа да заттар. Музейде, сондай-ақ, жазушы бюсті де тұр.

Қаламгер өмірге келген Қалпе ауылына сапарда жол-жөнекей, міне, осы Үштөбе қаласына соғып, жазушыдан қалған жәдігерлерді көріп,



көзімді болдым. Кемел ағаның Жамбыл облыстық «Сталиндік жол» газетінен басталған шығармашылық жолы туралы кітабымыз музей менгерушісі Валентина Григорьевнаға тарту еттім.

Көңіліне қанат байлап, жанына шуақ сыйлайтын ғибраттары мол, адамдары ашық-жарқын сапар қай кезде де шаршатпайды. Қайта жігеріңді жаңып, шығармашылық жаңа ізденістерге, тың тақырыптарға жетелейсің.

**Тараз – Талдықорған – Үштөбе,
Қалпе – Талдықорған – Тараз.**

ҚОРШАҒАН ОРТА

Соңғы екі-үш айда Тараз қаласының бірқатар тұрғындары мен қоғамдық ұйымдар басшылары, кәсіпкерлердің көңілін алаңдатқан әлеуметтік мәні бар бір мәселе орын алды. «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жоқ жерден шығарған дау-дамайына көпшіліктің өтінші бойынша менің де араласуыма тура келді. Қала басшылығына, жергілікті атқарушы билікке жасалған сын-ескертпелерім дұрыс нәтиже бермеді. Ақыр аяғында осы мәселе бойынша наразылық білдірген қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың қолдауымен ҚР Президентіне және Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жолдадық. Ол хаттың мазмұны қысқаша былай.

Тараз қаласы экологиялық ахуалы төмен аймақта орналасқан шаһар. Қалаға жақын орналасқан химия кәсіпорындары облыс оралығының ауасын ластанып жіберді. Бір кездері республика бойынша «жасыл қала» атанған шаһардағы тал-дарактар соңғы жиырма, отыз жылдың ішінде «қызыл сызықтардың» үстімен бей-берекет жүргізілген коммерциялық нысандар мен әртүрлі мақсатта соғылған ғимараттардың құрылысы үшін құрбан боп, «өкпеміз» тарыла бастады. Сондықтан, қаланы жасыл желекке орап, қала ішіндегі демалыс орнына арналған саябақтардағы сирек талдарды сақтап қалу бүгінде үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Қаладағы №1 Мамыр, Теміржолшылар, ҚР Тұңғыш Президенті атындағы саябақтары бүгінде күтімсіздіктің салдарынан азып-тозып, тұрғындар мен жастардың және қонақтардың, балалардың демалып, серуендеу талабына жарамсыз болып тұр. Өйткені, аттары аталған саябақтар қалалық әкімдіктің қарамағында болса да, оларды күтіп-баптауға, ұқсатып ұстауға тиісті қаражат қарастырылмаған.

Қаладағы шағынаудандарға жақын орналасқан Бауыржан Момышұлы атындағы «Женіс» саябағының бір жағы тойханалар мен түрлі ойын-сауық орталығына айналғандықтан, халықтың аласыз демалуына ыңғайсыздықтар тудырады. Бұрынғы облыс әкімі Аскар Мырзахметов кеткені бәрі «Женіс» саябағының да берекесі кетіп, күтімі нашарлай бастады.

Ал, қаланың қантасында Тұрар Рысқұлов атындағы орталық саябақ бар. Аталған саябақ екі аймаққа бөлінген. Оның бір аймағында балаларға арналған аттракциондар мен әкімшілік ғимараттары орналасқан. Ол бөлігін жалға алған кәсіпкер бизнесіп дөңгелетіп, пайда тауып отыр. Ал екінші бөлігі болып саналатын «Балқарағай» саябағы жап-жақсы жұмыс істеп тұрған жерінен біреулердің көзүрткісіне айналып, аяқ астынан басшыларының басы дауға қалды. Сөз басындағы айтпақ болған мәселеміз де міне, осы «Балқарағай» саябағына қатысты.

Тараз қаласы әкімінің 2019 жылғы 22 мамырдағы №1642 қаулысының негізінде, «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ мен «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» ЖШС арасындағы жасалған 27 мамыр 2019 жылғы №292 келісімшарт бойынша «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» ЖШС-на ұзақ мерзімге, 49 жылға жалға берілген (кадастрлық нөмірі 06-097-005-677) «Балқарағай» саябағы аумағында көне Әбулхата кезеңінің көзіндей боп 600-ге жуық қарағай өсіп тұр. Саябақты жалға алған жылдан бергі уақыт ішінде «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» ЖШС-ның басшысы Қадырхан Абдуллаев өз қаражатына шырша, емен ағаштарын өгіп, өсіріп, күтіп-баптап



САЯБАҒЫНА КӨЗ ТІККЕН КІМДЕР?

отыр. Қылқан жапырақты ағаштардың арасына заманауи материалдардан тротуарлар төсеп, демалушылар отыратын ыңғайлы орындықтар, жарық шамдар орнатты. Саябақ іші мұнтаздай тап-таза. Сондықтан, «Балқарағай» саябағы қала тұрғындарының бір мезгіл таза ауа жұтып серуендейтін, демалатын, жас-көрі демей ертеле-кеш жүгіретін, жаттығулар жасап, дене шынықтырумен айналысатын сүйікті орнына айналған. Оған қоса, «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі келісімшартта көрсетілген барлық міндеттемелеріп толық орындап отыр. Жер салығын, коммуналдық төлемдерін уақытында төлеп келеді. Бюджет алдында ешқандай қарызы жоқ.

Бірақ соған қарамастан, жоғарыда айтқанымыздай, осы саябақ төңірегінде қала тұрғындарын қынжылтқан жағымсыз оқиға орын алды. «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мекемесінің басшысы Т.Әйменов «саябақ игерілмей жатыр» деген сылтаумен «Балқарағай» саябағын коммуналдық меншікке кері қайтарып алуға әрекет жасап, шу шығарды. Т.Әйменовтің қолына ұстап отырған «көзірі» – қала прокурорының 28.11.2022 жылғы №2-077-22-07404 ұсынысы екен. Ал аталған ұсыныста «Балқарағай» саябағы туралы мәлімет жоқ. Бірақ Т.Әйменов: «зандылықты бұзушылықты жою туралы» қала прокурорының тағы бір ұсынысы бар» деп кәсіпкерді қорқытып-үркіткенімен, ол бұл құжатты «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» ЖШС-ның басшылығына көрсетуден тайнып отыр. Ал, қала прокураторы «Балқарағай» саябағын коммуналдық меншікке кері қайтару мәселесі көтерілмегені туралы айтқан.

Ең сорақысы, осы мәселеге Тараз қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы Сембек Сейдазимов қисынсыз араласып, кәсіпкер Қ.Абдуллаевты кабинетіне шақырып алып, «Сен «Балқарағай» саябағын әкімдікке өз еркіңмен қайтар, өйтпеген жағдайда әкімдік бәрібір тартып алады» деп қоқан-лоққы көрсетуі болып тұр. Халықтың, кәсіпкерлердің сөзін сөйлеп, құқын қорғайды деген қоғамдық кеңес төрағасының бұл «миссиясының» жай-жапсарын түсіне алмай дал болдық.

«Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ-нің басшысы Т.Әйменовтің «саябақ

игерілмей жатыр» деген сөзі де қып-қызыл өтірік. Оның бұл өтірігіне негіз болатын ешқандай дерек пен дәйек жоқ. Өйткені, «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» ЖШС-на берілген жер пайдалану мемлекеттік актісінде «Балқарағай» саябағында құрылыс жүргізу және жердің нысаналы пайдалану мақсатын өзгертуге тыйым салынған. Соған орай, кәсіпкер Қ.Абдуллаевтың ол аумаққа қандай да бір нысандар, ғимараттар салып, ойын аттракциондарын орналастыруға құқы жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда, Т.Әйменовтің «саябақ игерілмей жатыр» дегені бос сөз.

Мемлекеттік мекеменің басшысы Т.Әйменовтің «Тараз қалалық прокуратурасының ұсынысы бар» деп кәсіпкерге ауызша талап қоюы және әлдекімдердің Тараз қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы С.Сейдазимовті кәсіпкерге айдап салып, ал оның өз кезегінде оған коқан-лоққы көрсетуі облыс абыройы үшін жақсы мысал емес. Оны бір сөзбен айтқанда, бірнеше адамның ұйымдасқан түрде кәсіпкерге көрсеткен қысымы, бопсалауы және рейдерлік әрекеті деп түйін жасауға болады.

Қала әкімдігі саябақты қандай мақсатпен қайтарып алғысы келіп отыр? Енді осы сауалға тоқталайық. «Балқарағай» саябағы жергілікті биліктің қарауына қайтарылған күннің өзінде, саябақтағы жер телімдеріне әлеуметтік нысандар: аурухана, емхана, мектеп, балабақша және зауыт-фабрика сала алмайтындары белгілі. Сонда облыс орталығының ажарын ашып, былайша айтқанда, қаланың «өкпесі» боп тұрған жасыл желек ағаштарды қырқып, отап, ойын-сауық, тағы басқа да әртүрлі коммерциялық нысандар жасаса, одан қала тұрғындарына келетін қандай пайда бар?! Рұқсат берілсе, қала бюджетінің ақшасын ысырап қылмай, оларды Қ.Абдуллаевтың өзі де жасай алады емес пе?

Сондықтан, қала әкімдігінің бұл әрекетін «Балқарағай» саябағының жер телімдерін бөлшектеп, көңілі жақын кәсіпкерлерге берудің китірқы жолы деп қараудан басқа қисын қалмай тұр. Мұны, қысқаша айтқанда, бюджет қаражаты есебінен ойын-сауық орындарын, әртүрлі коммерциялық нысандар салып, әлдекімдердің бизнесін дамытып, табысын, әрине, «шәпкісін» бөлісу арқылы сыбайлас жемқорлықты қолдау

деп қабылдау керек. Ал, қала тұрғындары аталған саябақты өз қаражатымен күтіп-баптап ұстап отырған кәсіпкер Қ.Абдуллаевтан «Балқарағай» саябағын коммуналдық меншікке кері қайтарып алып, ондағы өсіп-өніп тұрған тал-дарактарды отап, оның орнына әртүрлі коммерциялық нысандар мен ойын-сауық ғимараттарын салуға және қала бюджетіне саябақты ұстау үшін үлкен көлемде қаражат бөліп, онысыз да жетпей жатқан бюджетке салмақ салуына үзілді-кесілді қарсы.

Біздің жолдаған хатымызға Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары А.Абдрахманов (12 қазан 2023 жылғы №ЖТ-2023-01959343) жауап хат жолдапты. Атап айтсақ, А.Абдрахмановтың менің атыма берген жауабында:

«2019 жылғы 22 мамырдағы Тараз қаласы әкімдігінің «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» серіктестігінің Төле би даңғылы №24 мекенжайындағы жерінің нақты көлемін бекіту туралы №1642 қаулысымен жер учаскесінің алаңы 1,4979 гектар (кадастрлық №06-097-005-677) болып бекітілген. Қаулыда нысаналы мақсаты «Балқарағай» саябағы үшін берілгені көрсетілген. Сондай-ақ, қаулының 2-тармағымен шектеу қабылданып, онда құрылыс жүргізу және нысаналы мақсатын өзгерту құқығынсыз екендігі белгіленген.

САЯБАҒЫНА КӨЗ ТІККЕН КІМДЕР?

Сонымен қатар, Тараз қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2023 жылғы 11 қыркүйектегі №09-945 хаты бойынша Тараз қаласының бас жоспарына сәйкес, Тараз қаласы, Төле би даңғылы бойында орналасқан кадастрлық нөмірі №06-097-005-677 жер учаскесі дендропарк және Тараз қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 09 қантардағы №29 қаулысымен егжей-тегжейлі жоспарлау бойынша саябақ қарастырылғанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 109-бабына сәйкес, қалалардың, кенттердің, ауылдық елді мекендердің барлық жері жоспарлау мен құрылыс салу (ондай жобалар болған жағдайда) жобаларына және аумақтық жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 47-бабының 1-тармақшасына сәйкес, елді мекендердің аумақтарын дамыту және оған құрылыс салу белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде бүгінгі күні «Арнайы рәсімдік қызмет көрсету» ЖШС жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша (этносаябақ) пайдаланып жатқандығын мәлімдейді» делінген.

Міне, осылайша Қазақстан Республикасы көлемінде айналымдағы Жер Кодексінің талаптары бойынша заң шеңберінде пайдаланып отырған «Балқарағай» саябағы бойынша «Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ-нің орынсыз жерден дау тудырып, қызмет бабын пайдалана отырып, заңсыз іске асырмақ болған әрекеттеріне нүкте қойылды деп сенеміз.

Қазіргі кезде «Балқарағай» саябағы қалыпты жағдайда жұмысын атқарып, оны ел игілігіне айналдырып, демалушыларға тұрақты қызмет көрсетіп отыр.

**Өмірбай САБЫРОВ,
облыстық «Ел болашағы»
қоғамдық ұйымының жетекшісі.**

Тараз қаласы

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Мемлекеттің басты капиталы халқы болғандықтан, тұрғындардың саламатты өмір салтын сақтауда бұқаралық спортты дамытудың рөлі орасан. Ел ішінде бұқаралық спорттың дамуына билік те ерекше көңіл бөліп келеді. Қазір тек қалада ғана емес, елді мекендерде де спорт кешендері мен көше воркауттары көптеп салынууда жатыр. Мәселен, Т.Рысқұлов ауданында 184 спорт нысаны бар. Оның екеуі спорт кешені болса, 1 стадион, 107 спорт алаңшасы, 21 футбол алаңы, ал 48-і спорт зал және бесеуі басқа да спорттық нысандар. Биыл бұл салаға 147,7 миллион теңге бөлінді.

Қамар ҚАРАСАЕВА

Биыл да бұл ауданда Ақыртөбе, Көгершін және Р.Сәбденов ауылдарында дене шынықтыру, сауықтыру кешені салынып жатыр. Р.Сәбденов ауылында салынып жатқан дене шынықтыру, сауықтыру кешені «Бекстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізіп жатыр. Серіктестіктің прорабы Әлімжан Миятовтың айтуынша, мұндағы құрылыс жұмыстары өткен жылдың қыркүйегінде басталған. Биыл қазан айының аяғына аяқталып, пайдалануға берілмекші.

«Өзім осы ауылда туып-өскенмін және бала күнімнен спортпен айналыстым. Сондықтан, ауыл-аймақтарда спортқа қызығатын балалар баршылық екенін көріп те жүрмін. Осыған дейін ауыл балалары мектептің спорт залында жаттығып келді. Негізінен балалар футбол, волейбол, күреспен көбірек шұғылданады. Өзім де күреске көп қатыстым. Аудандық, облыстық, республикалық жарыстардан ауылымыздың спортшылары құр алақан қалған емес. Біздің замандас спортшылар да талай жүлдені олжалағанбыз. Мысалы, Есдәулет Құрмантаев күресші еді, кейін боксқа бет бұрды, қазір ауданда бала тәрбиелеп жүрген жаттықтырушы. Жана айтқанындай, мектептің спорт залын пайдаланып келдік. Онда ауыл тұрғындарының спортпен шұғылдануымен қатар мектептің дене шынықтыру сабақтары да өткізіледі. Сондықтан, күреске арналған кілемшелері, басқа да құрал-жабдықтары тез тозады. Міне, енді ауылымыздан осындай спорт кешенінің салынуы тұрғындарды қуаныттыртыр. Ауылымызда 3781 тұрғын бар, соның көпшілігі жастар, бәрі де спортқа қызығушылығы басым. Біз «Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен саябақ салдырдық. Соның ішінен көше воркаутын демеушілердің көмегімен орнатпақшымыз», – дейді ауыл әкімдігінің бас маманы Алмағанбет Байғожаев.

Ақыртөбедегі спорт кешенінің тұрғызушы «Авторемстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Айдар Бөгенбаевтың айтуынша, мұнда волейбол, баскетбол, футбол ойнауға арналған зал және жаттығу залы бар, сонымен қатар қыздар мен ұлдарға арналған жеке санитарлық тораптар, душ қамтылған. Сыртқы абаттандыру жұмыстарын да осы компания жасайды. Бірақ, жазғы алаңшаларды басқа мердігер компания салады.

Көгершін ауылындағы спорт кешенінің құрылысы да биыл аяқталып, Конституция күнінде пайдалануға беріліпті.

– Ауылда спортқа қызығатын балалар көп. Осындай кешенге қажеттілік барын айтып, тиісті орындарға хат жолдаған болатынбыз. Нәтижесінде ауылымыздан саулетті спорт кешені бой көтерді. Тұрғындар дән риза. Осыған дейін біздің балалар аудан орталығына такси жалдап, барып-келіп, спорттық дәрістерге қатысып жүрген еді. Енді ешқайда барып, әуре болмай-ақ

Спорттық нысандар



өз ауылымызда жаттығып, ойнауға мүмкіндік туды. Мұнда баскетбол, футбол, волейболға арналған зал, тенниспен қатар, еркін күреспен жаттығуға да орын қарастырылды. Бұған дейін ауылдың мектебінен ыңғайластырылған бір бұрышын алып, балаларды күреске дайындап жүрген жаттықтырушымыз дәрістерін осы кешеннің ішінде өткізетін болды. Қазір ауылдарды дамытуға айрықша көңіл бөлініп отырғанына куә болып жүрміз. Мысалы, біздің ауылдан осы спорт кешенімен қоса 90 орындық мәдениет үйі де салынды. Ол жақында ғана ауданның мәдениет күндері өткізілген үлкен іс-шара аясында салтанатты түрде ашылды. Ауылымызға 2020 жылы көше воркауты да орнатылған болатын. Ауылымыздың мақтаншы Нұржан Асан Бішкек қаласында өткен байрақты бәсекеде грек-рим күресінен жеңімпаз болып, жақында туған жеріндегі ізбасаріні-қарындастарымен ашық сұхбаттасып, жігерлендірер кеңесімен бөліскен болатын. Болашақта да шағын ғана ауылымыздан талай жеңімпаздың шығары анық, – дейді ауыл әкімдігінің жетекші маманы Бақытжан Қалдыбай.

Мұндай кешен салу бұл ауданда 2022 жылға дейін жалғасақшы. Келесі жылы Жанатұрмыс, Құлан, Қорағаты ауылдарында спорт кешендерін салу және Құлан ауылындағы орталық стадионға күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Ал, одан арғы 2025 жылы Өрнек, Теренөзек, Абай ауылдарында, 2026 жылы Қарақыстақ, Қайыңды, 2027 жылы Құмарық, Көкденен ауылдарында салынады. Бұл 10 кешен ауылды дамыту бас жоспарына сәйкес тұрғызылмақ.

Елді мекендерде көше воркауттарының, кіші футбол алаңшаларының және заманауи балалар ойын алаңдарының қажеттілігі бары зерттеліп, 2027 жылға дейін 14 спорт алаңшасын салу жоспарланған. Биыл 4 жоба Малдыбай, Абай, Д.Қонаев және Алғабас ауылдарында жасалған. Келесі жылы Қайыңды, Ақыртөбе және

Жалпақсаз ауылдарынан заманауи кіші футбол алаңшалары салынады. 2025 жылы Сөгеті, Әбжаппар және Шөңгер, 2026 жылы Жарлысу, Қаракемер ауылдарында салынады. 2027 жылы Сәлімбаев, Пірманов және Шолақ қайыңды ауылдарында кіші футбол алаңшаларының жасалуы жоспарланған.

Он мынанан аса тұрғыны бар Луговой ауылында да спорттық нысандар салу ауыз толтырып айтарлықтай деңгейде жүргізіліпті.

– Былтыр ауылымыздан үлкен спорттық кешен ашылды. Соның ішінен балалар мен жасөспірімдер клубы мемлекеттік мекеме ретінде ашылып, 4 жүзден аса жеткіншекті спорттың 6 түрінен жаттықтыру ісі басталған болатын. Қазір жұмысы жүйелі жүргізіліп жатыр. Анығырақ айтқанда, волейбол, футбол, еркін күрес, казак күресі, бокс, дзюдодан балаларымыз жаттығып жүр. Бұл спорт кешенінде жасөспірімдер кешкі сағат 18-ге дейін жаттығып, ойнаса, сол уақыттан кейін ол жерде ауылдың ересек тұрғындары доп теуіп, өзара жарысады.

Бұған қоса, ауылдағы саябақтың қасынан 2012 жылы салынған футбол алаңы содан бері тозған еді, биыл күрделі жөндеу жасалды. Бұл алаңда ауыл жастары, ересектер арасында жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Мекемелер арасында кіші футболдан жарыс басталған еді, қорытындысы Республика күнінде шығарылып, салтанатты марапаттау іс-шарасын өткіздік. Саябаққа халық дене шынықтыру жаттығуларын жасауға арналған құрылғыларды, сәнді құрылғылар, теннис үстелін де орнаттық. Осының бәрі де халықтың саламатты өмір салтын ұстануына жағдай жасап, бұқаралық спортты дамытуға жасалып жатқан жұмыстар, – дейді Луговой ауылының әкімі Мұратбек Сванов.

Бұл аудан жастарының спорт саласындағы жетістіктері де аз емес. Айталық, биыл 14-18 жас аралығындағы спортшылары облыстық чемпионаттарда 46 алтын, 34 күміс, 76 қола

медаль жеңіп алса, республикалық жарыстардан 6 алтын, 4 күміс, 9 қола медаль олжалаған. Атап айтқанда, Абай ауылынан Дана Дидай Гонконг қаласында өткен Азия чемпионатынан бокстан 3-орынды жеңіп алса, тағы да осы ауылдың күресшісі Ержет Жарылқасын Испания мемлекетінің Лу-Нусси қаласында өткен халықаралық турнирде грек-рим күресінен 53 килограмдық салмақта 1-орынға ие болған. Қорағатылық Аружан Бақытбек жасөспірім қыздар арасында Италия мемлекетінде өткен бокстан халықаралық турнирде 2-орынның биігінен көрінді. Луговойлық 6 жасар шахматшы Айару Каипова Қырғызстанда ұйымдастырылған додала қарсыластарына дес бермей, топ жарып, чемпион атанды.

Спортты сүйіп, өз денсаулығын қорғаумен қатар, бәсекелі жарыстарда елінің абыройын асқақтатар жастар әлі де көптеп шығарына сенеміз. Себебі, спортпен шұғылдануға елімізде жасалып жатқан жағдай аз емес. Мәселен, біз сөз етіп отырған ауданда спорт саласын қаржыландыруға 2021 жылы 77 миллион теңге бөлінсе, былтыр 117,2 миллион теңге қарастырылған. Ал, биыл 147,7 миллион теңге бөлінді. Биылғы жоспар бойынша, аудан тұрғындары арасында спортпен шұғылданушылардың санын 2852-ге жеткізу көзделген. Тамыз айына дейін 2571 жас спортқа тартылған. Жалпы, аудан тұрғындарының дене шынықтыру және спортпен шұғылданушыларының қатары 26763 адамға, яғни 39,6 пайызға жетті. Аудан бойынша спортпен жүйелі түрде шұғылданатын мүмкіндігі шектеулі жандардың қатары 355 адам, яғни 33 пайызға құраған. Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап мүгедектігі бар адамдарға арналған «Боча» спорттық үйірмесіне 15 бала қамтылған. Халықтың мың адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі 32 пайызды құрап отыр.

Т.Рысқұлов ауданы

ТАЛБЕСІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тарихи терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі» деген еді бір сөзінде. Жас ұрпақты тәрбиелеп, оқытып жүрген ұстаз ретінде өскелең ұрпаққа кешегілердің дара жолын үлгі ету мақсатында өз ауылымыздың тарихы жөнінде сөз қозғағанды жөн көрдім. Бүгінде ел таныған азаматтар мен бағырлардың, тіптен ғалым мен ауыл тұрғындарының жұлдызды сәттері туған өлкемен тікелей байланысты. Біз үшін де туған ауылымыз Жарлысу тарихи тұлғаға, өнегелі ұрпаққа толы киелі мекен.

Ауыл – ұлтымыздың ұясы, алтын бесігі, ырыстың кіндігі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, өскен өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды деп толғанамыз. Халқымыздың тілінің, салт-дәстүрлерінің қаймағы бұзылмай сақталған жері кішкентай ауыл болғандықтан, қазақтың дені ауылдан шыққандықтан, менің туған ауылым – Т.Рысқұлов ауданындағы Жарлысу да қазақ жеріндегі мыңдаған шағын елді мекендер сияқты өз жетістігі, түйінді проблемалары, қордаланған мәселелері жеткілікті мекендердің бірі. Талай ел қамын ойлаған азаматтардың, дуалы ауыз шешендердің, қиыншылық замандарда елге жол нұсқаған көсемдердің шыр етіп дүние есігін ашқан мекені болған ауылымның шыққан биігі мен үшін арман асуы. Еліміздің қай жерінің, қай ауылының болмасын өзіндік тарихы, ашылмаған сыры көп. Туған жердің әрбір тарихын мен қырқасы, тауы мен өзені сарыхан сыр шертеді. Жарлысу ауылының да тарих қойнауынан, сонау ежелгі замандардан белгі берер аңыз-сырлары көп. Туған жерімздің өткені талай зерттеулерге нысан болар тақырып. Біздің бүгінгі әңгімемізге өзе

кетіп, пайымдап жеткізіміз келгені – тәуелсіздікпен бірге жасап, көркейген Жарлысу ауылының жағдайы. «Қазақстанның ежелгі қалалары» энциклопедиясында ежелгі тайпаларға мекен болған Жолшөп (Джұл-Шуб) және Көлшөп қалаларының атауы кездеседі. Ғалымдардың айтуынша, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Жарлысу ауылы осы екі қаланың ортасында орналасқан. Тағы бір құнды деректі Т.Рысқұлов ауданының 80 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған «Жаңғырған өңір» жинағынан кездестіреміз. Онда «... Шал тауының баурайындағы Бессарай мен Талды қалалары. Құлышыб пен Жұлышыб шаһары керуен жолында жатыр. Жарлысу ауылын кесіп өтетін Жібек жолының жасырын бір тармағы қарақшылардан сақтандыруға өте қолайлы жол болған. Талды маңындағы тайпа көсемдерін сайлайтын «Көсемтас» пен сондағы петроглифтік таңбалар, «Қарабұлақ» басындағы «Сиректас» көп нәрседен сыр шерте керек» делінген. Осы деректерге қарағанда, ауылымыздың тереннен тамыр тартқан тарихы әлі де жұмбақ. Жарлысу атауы тарихына келер болсақ, «Жамбыл облысының топонимикалық атауларының анықтамалығында»

мынадай дерек келтірілген: «Жарлысудың тарихи Жарлысу ауылының жағдайы екен. Тау сілемдерінен аққан судың мол болуына байланысты ауылға қарасты жерлердегі жарлардың бәрінде мол су ағып жатқан. Сол себептен «Жарлысу» аталып кеткен. Ал, ауыл маңындағы тау бөктерінен бастап шыққан өзенді «Талдыөзен» дейді. Ал өзеннің олай аталуы өзен жағасында талдың көптігінен екен. 2007 жылы жарық көрген осы анықтамалықтың «Өрнек ауылдық округі» деген тақырыпшасында: «Округте бастауын биік таулардан алатын шағын-шағын Талдысу, Жарлысу, Сұлутөр және Тұйықтұр, Алтынбұлақ, Талды, Төрт көл тау су көздері, бұлақтар орналасқан», – деп көрсетілген. Ауылдағы білім мен мәдениеттің

ордасы – Айтқұл Шыңәсілов атындағы орта мектеп ғимараты 2010 жылы салынған. Оқу кабинеттері заманауи үлгіде жабдықталған. Компьютер сыныптары, лингафон кабинеті, 5 мультимедиялық кабинет, үлкен спорт залы, заманға сай жабдықталған асханасы, бір сөзбен айтқанда, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына бар жағдай жасалған. Мектеп жанында 40 орындық интернат үйі жұмыс істейді. Мұнда ауылдан шалғай маңда еңбек етіп жүрген малшылардың балалары мен аз қамтылған отбасы балалары тәрбиеленеді. Екі қабатты ғимараттың іші де, сырты да кірсе шыққысыз тап-таза, әдемі, балалардың жатып-тұруына қолайлы жағдай жасалған. Интернат ғимаратын «Шәушен» шаруа қожалығының басшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Сайрамбай Дөненбаев малшы және көпбалалы, аз қамтылған отбасы балаларына арнап

салып берген. Ондағы балаларға тәрбие беріп, жағдай жасау үшін 20 адам еңбек етуде. Осы аталған қожалық интернаттың жанынан саябақ та салып берді. Тұрғындардың демалуы, мерекелік іс-шараларды өткізуі үшін таптырмас орынға айналған саябақтағы ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарының рухына арналған ескерткіш-монумент, субұрқақ және ойын алаңдары көз тартады. Осы мектеп қабырғасында ұстаздық еңбек еткен 30 жылымда түрлі салаларда қызмет етіп жүрген мектеп тұлғаларының өмір жолын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында мен де ауыл тарихына өз үлесімді қоссам деген ниетпен «Мектеп түлегі – ел болашағы» атты жинақ кітабымды ұсындым. Дүниенің қай түкпірінде жүрсең де өз жеріне жетер жер жоқ. Мен өз елім мен жерімнің байлығын мақтан етемін, табиғатын аялаймын. Кейінгі ұрпаққа жеткенінді бағала, өйткені бұл жерде сенің ата-бабаның маңдай тері сінген топырақ жатыр дегім келеді.

Гүлбарам ШОТАЕВА, Айтқұл Шыңәсілов атындағы орта мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Т.Рысқұлов ауданы

ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ



ҰЛТ ПЕН РУХ

Қазір жұрттың пікірі сан алуан, қисынды не қиғаш, өзгерістерді қабылдауы да әрқилы. Бұл ескі Қазақстан мен жаңа Қазақстанның арасындағы тайталасты айырмашылықты көрсетеді не болмаса олай емес, уақыт ағымында белгілі бір кезеңдердің ерекшеліктері деуге де келмейді. Сонда бұл қандай жағдайды көзге елестетеді?

Біздіңше, алдағы күнге сенім мен үміттің жүзеге асуын күту кезіндегі қарбалас, ішкі сезімдердің сыртқа шығуынан жақсылықтарды көруге ұмтылу кезіндегі көзқарастардың тоқайласуы. Алдағы күндерде ел дамуы қандай болмақ?

Ескі жүйенің зардаптары мен кедергілерін жою жұмыстарының пәрмені қалай болып жатыр? Бәрінен де бұрын шетелге заңсыз шығарылған орасан байлықтар, телгесей-теніз активтерді кері қайтару нәтижелі ме? Ескі жүйенің билеуші топтарының арқасында әбден байып алған белгілі тұлғалар мен «еркешоралардың» тұқ болмағандай еркін жүріп жатқаны, олардың қоғамға келтірген залалы мен зұлым қиянаттарына, күмәнді әрекеттеріне қалайша көз жұмып, төзіммен қарауымыз керек?! Реніш те бар болуы мүмкін.

Міне, осындай жауапты шақта «қоғам қатыгезденіп барады» дейді. Ол рас болса, онда өмірдің күрделене түскенін көрсетеді. Мамыражай жағдайдың жауапкершілігін аңғартатын секілді.

Біз өзіміз жақсы адамдардан тәлім алдық, енді жастарды да жақсылыққа тартуға тырысу – басты уәжіп деп жүргендер үшін қоғамдағы түрлі құбылыстар мен ешкімге ешнәрсен бермейтін әңгіме-сөзден нендей қорытынды жасап, нендей тірлікке ден қойып отырғаны да қызық.

Мұндай қатыгездік ахуалы алақандала адамдарға ешқашан жақсылық әкелмейді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста, күнделікті күйбен тірлікте, бір-бірін түсіне білуде мейірім емес, қатыгездік жаппай етек ала беретін болса, зұлымдық та, зорлық-зомбылық та орын алады.

Енді елес емес, ессіздіктің түр-түрі етене танылатындай уақыттың күзегі болып отырмыз. Адам өлтіру, бала-шағасын қырып салу, өзінің жақындарын атып кету, сунид, зорлау, тағы не бар, сұмдықтардан көз ашпайтын жағдай үйреншікті оқиғаларға айналып кетті.

Бұл деген – тоқырау мен дағдарысты тәрбиенің сиқы, не «сыйы», өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның да, мемлекеттің де өркені жолымен дамуына, соған сәйкес адамгершілік құндылықтардың тереңдеуіне көп кедергі келтіретін теріс құбылыстар.

Ал, зиянды нәрсені етек жайса адамдардан сенім мен шынайылық қасиет кетеді, диттеген арман-мақсаттарына жете алмаған, адасқан ұрпақтардың еншісіне жазылған тағдыр әрі трагедияға ұласып кетуінен сақтануымыз қажет.

Дәл осы арада шынайы, ынтымақты бірлік керек. Ұлттық мүддені ұрандату емес, соның қадірін білетін, тұтастық танытатын уақытты сезінетін қоғамдық орта болуы қажет. Ұлттық намыс керек және бұл ойымыз бос сөз болып қалмауы тағы да өзімізге байланысты.

Өмір құбылыстарынан туындайтын мәселелерге сипаттама беру, өткен тарихты қорыту, заманның бұзылғаны жайлы тағылымды толғаулар айтылуы, бәрі-бәрі адамның көзімен де, сөзімен де ұрпақтан-ұрпаққа жетеді, бұл қалыпты дәстүр, тарих жолы.

Біз қандай сұрақтарға да жауап іздеп, өмір сапасын жақсартуға келгенде адал бәсеке және бәсекелестіктің қажеттігіне көп мән береміз.

Капиталистік дәуірде нарықтық қарым-қатынастар шынайы бәсекелестік туғызатын заңдылықтарына адамдар әу бастан топ-тәуір бой үйрете бастаған еді. Ел дәулет-байлығын игеруде де еңбек бәсекесі болуы шарт деді. Шағын

ӘДІЛЕТТІЛІК ЖОҚ ЖЕРДЕ МЕЙІРІМДІЛІК БОЛМАЙДЫ



және орта бизнесте, отандық өндірісшілердің қауымдастығында, ағарлық салада тауар өндірісшілердің арасындағы адал бәсекелестіктен сапа мен кіріс жағы реттеледі деп теория мен практиканы ұштастырып, дәлелдеп болдық па, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың салдарынан әсіресе, азық-түлікпен қамтамасыз етуде бәсекенің жолын кес-кестеп, билеп, төстеп монополия орнатқандардың бағанын тұрақталуына салқынын тигізгені қалыпты жағдайға ұқсап кетті. «Бәрі бір қолда» деген ұғым заң үстемдігін мойындамайтын, салықтарды төлемейтін, бірақ барлық жерде айтқанын орындағанын белгілі бір адамдар тобының билеп, төстеуімен өзгеріске ұшырады.

Ашық ақпарат көздеріне қарағанда елімізде дипломы бар жастардың 30 пайызы таксисші және күзетші болып жұмыс істейтін көрінеді. Бұл ненің әсері, жарамсыз диплом, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаспауы және бәсекелестікке тік тұра алмауы ма?! Сонда мемлекеттің грантпен оқуға жұмсаған қаржысының қайтарымы жоқ, ақылы түрде оқыса ата-анасының төлеген қаржы-қаражатының босқа кеткені деу керек шығар.

Бәсеке табиғатында және экономикалық жағдайда талапшылдықпен тамырлас. Ашық дереккөзінен алынған мына кішкене ғана мәліметке қараңыз. Алматы сауда орындарында 5 литрлік «Tassai» суын бір дүкенде 550 теңгеден, қаланың негізгі бөлігінде 830 теңгеден сатады. Бұл не тәртіп? Қымбатшылық қолдан жасалуда деген осы. Адамдардың жүйкесіне ши жүгірту ме, бұл саудагерлердің жеке пиғылынан ғана болып отыр ма? Арамдық деген абайламаса, азындыққа ұрындырады, жақсы адамдарды ашындырады. Заманымыздың заңғар қайраткері Шерхан Мұртаза шырғарып тұрып айтты кеткеніндей, «Тойымсыз, араны ашылған қыран не аңды алады, не аңшының өзін алады».

Бұл мәселеде терең ұлттық ой бар. Бұдан артық қалай айтуға болады, өзі?! Өйткені, өмір шындығынан сабақ алмаған имансыздардың ессіз дүниесіз қарекеттері мына жарық дүниені бүлдіріп бара жатқанын

жан-жүрегімен сезінген адам, батыл әрі ақылды адам ғана айтады. Астарлы сөздің айбары тұла-бойынды сыздатпай қоймайды. Ұлылардың ізін көреміз, бірақ ел сөзін айта алмайтын қазіргі жалтақ мінезді аға ұрпақ дәрменсіз қалпында алаңдайды. Ескі әдетінен жаныла салуы қиын соғатын сияқты. Тек жағымпаздық және жандайшаптық, жалаң ұрандармен елдің жігерін жасытып, жүйкесін шаршатқандармен бірге араласып кеткендей күй кешуде. Өл-Фараби бабамыз «Адамның дене мүшесі ауру болса, дәрігер емдейді. Ал қоғамның жан дүниесіне түскен сырқат орасан кеселді болады» деп ескерткен екен. Қоғамның алға дамуына кесірін тигізіп жүргендер де өз істері мен әдетінің дұрыс еместігін түсінбейді емес, түсінеді. Бірақ, жеке басының бір сәттік пайдасы үшін ерікті түрде кісілігі мен ізгілігін жоғалтады. Бұл жаман әдеттің «вирусын» таратып жүргендердікі құлдық психология емей мемене?

Ендігі қоғамда қым-қиғаш болып айтысып жүрген тобырлық сана басым болып бара жатқанын жасыруға болмайды.

Мысалы, «Жырым мені өлтірмейді» деп өткен көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиевтің:

Өз тілінде ойланады,
Қалың орман таң алды.

Өз тілінде сөйле, қане,
Жақсы көрсен анадан, – деген мына бір

шумақ өлеңін кім тыңдап, жүрек толқытар еді? Өрине...

Басқа ешкімге емес, қазақ тілі қазаққа ғана керек. Бұл ұлттық ең биік мұратымыз.

Отыз екі жыл ел тәуелсіздігімен бірге жасасып келе жатқан осы идея рухы ғана бізді сақтайды. Ол үшін мықты мемлекет болуымыз керек. Сонда ғана мызғымас бірлік күш алады.

Ұлттық намысқа қан ойнатып, біртұтас елдіктің қадір-қасиеттерін ең ақырғы демі шыққанша көкө көтеретін ұрпақтарды қашан қалыптастырамыз дегумен келеміз.

Қоғам таң атқанда, кешкі шам жанғанда да серектіктен танбай, жақсы өмірді жарқыратып

тұруы елдің пейілінен, тіпті бір ауыз талап сөзінен де көрінбей болмайды.

Бұл не жүріс? Хайп қуған, сөз қуған, өтірік айтқан, бәдіктік, жылпостық, арзан атакқа ауысқан дабыра, ешбір жауапкершілігі жоқ мәлімдемелер көп.

Ал халыққа майда әңгімені мыжып, бір-бірін қажайттын даурықпа бос сөз емес, іс бірлігі мен нақты нәтижелі жұмыс және жұрт арқа тұтатын шамшырақ – зиялы адамдар керек.

Сөз мәдениеті мен саяси ұстанымның да қадірін ұмыта бастағандар төбе көрсете бастады. Шетінен ашушаң, менменшіл...

Жұртқа сансыратқан дүрмек, көпірме бөспелік емес, кәдімгі ел санасын сергітетін саяси мәдениет пен тәрбиелі өмір қымбат боп тұр. Халық өзіне не керек, әуелі әлеуметтік тұрмыс жағдайын ойлайды. Сосын ел ішіндегі жаналықтарға ден қояды. Бұл күндері елімізде аудан әкімдерінің сайлауы қарсаңында үгіт-насихат жұмыстары жүріп жатыр. Саяси науқан. Ашық сайлауға кімдер қатысып жатыр, үміткерлер өздерін қай қырынан көрсеткені абзал, ой таркатпай ма, әділ сайлауға демократиялық құндылықтарымен барудың маңыздылығы кенінен айтылуы қажет. Ендеше, бұл саяси қадамға әлгі халықшылдардың бас ауырып жатқандары бар ма? Бұл ойлануға тұрарлық мәселе. Біздің қоғам жағдайында азаматтық тұрғыда алаңдаушылықпен қарайтын, батыл да сергек адамдар шоғыры қажет болып тұрғаны – өзекті уақыт талабы. Әкімдер қай деңгейде болмасын, адам тағдырына араласатын жандар. Сондықтан да ел басқару, ұлтқа қызмет етудің бәрінен де биік деңгейін түсіндіру мен ашық айтуды ұйымдастыруды ойластырсақ, дұрыс болады.

Қалың қазақтың сөзін сөйлейтін, мемлекетшіл адамдар, айталық, атақты жазушы Дулат Исабеков, көрнекті ақын Нұрлан Оразалин, көнігі дипломат-мемлекет қайраткері Әділ Ахметов, ұлт жанашыры, ақын Темірхан Медетбек, ірі қайраткер Жақсыбек Құлекеев, академик-математик Асқар Жұмаділдаев, әйгілі қаламгер, қоғамшыл жан Марат Тоқашбаев секілді сан ондаған ерекше танымал азаматтардың түрлі әлеуметтік топтармен, қазыналы жұртшылықпен кездесулерін ұйымдастырудың қайтарымы мағыналық-идеологиялық жағынан әбден ұтымды болар еді. Бұл тізімді жалғастыра беруге де болады. Білік мұны жете түсінуі керек-ақ. Жақсыңды бағалай алмасаң, кімді жағалайсың? Мұндай кісілер әлдекімдер сияқты өзін-өзі жарнамалап жүрмейді. Жұртшылық та адал ойларымен көңілді сергітетін, рухтандыратын, жөн-жосықты бағдарлайтын асыл тұлғалардың салмақты көзқарастары мен өтімді сөздеріне сусап отыр.

Аузы дуалы, айбарлы, сесті, есті, ұлттық мүдде биігінен және қоғамның ар-ұяты болып танылған зиялы тұлғаларды өмірдің өзі де іріктейді.

Жалпы, қоғамда әлеуметтік әділеттіліктің орнауынан және соған үлес қосудан асқан маңызды міндет болмайды. Елдік мейірім мен сүйсіну де адамгершілікті, Отан алдындағы адалдық қасиеттерді шынайы сезініп, қадірлеуден басталады. Қанша рет қайталап айтсақ та мұның артықтығы жоқ.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Қазақстанның Еңбек
сіңірген қайраткері.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Өнерге адал азамат

Ауылдардағы мәдени жұмыстарды ұйымдастыруда клуб меңгерушілерінің еңбегі ерен. Оларға қандай қиын жұмыс бар дейтіндер де болуы мүмкін.

Бірақ, ұйымдастыра білгенге клуб жұмысы шаш-етектен. Сондай шаруалардың бел ортасында жүрген іскер клуб меңгерушісі – Кемел Дабылбеков.

Есет ДОСАЛЫ

Кемел Кенесұлы 1993 жылдан Тереңөзек ауылдық мәдениет үйінде қызмет етіп келеді. «Әулисата» университетін тарих, құқық, экономика факультеті және Тараз педагогикалық институтын музыка мамандығы бойынша тәмамдаған. Биыл 50 жасқа толуымен мәдениет саласында қызмет еткеніне 30 жыл болғаны тұспал-тұс келіп отыр. Әуелі мәдениет үйіне сүйемелдеуші болып жұмысқа кіріскен ол әдіскер, көркемдік жетекші қызметін атқарып, аз жылда жан-жақты маманға айналды. 2000 жылдан бастап мәдениет үйінің меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Осы аралықта домбыра оркестрін, вокалды аспапты ансамблін дамыту жолында және ел ішінде еленбей жүрген өнер иелері мен мүмкіндігі шектеулі жандарды сахна

өнеріне дайындау жолында көп еңбек етті. Сонымен бірге талай жас таланттарды облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға дайындап, шыңға шығарды.

– Өр дарынды баланың өз жолы, өз мүмкіндігі бар. Шерхан Мұртаза ағамыз: «Талантты тану – қиын, танымау – қиянат» деп бекер айтпаған. Оны еңбек жолымда байқалды. Талантты таңдау бөлек, тәрбиелеу бөлек екеніне көзім жетті. Халықаралық байқаулардың жеңімпазы Жалғас Айтқұлов, Ұлдана Еркебек секілді дарын иелерін және өзгелерді талай облыстық, республикалық байқауларға апардым. Ол кездегі сапар қиындығы мен қызығы өз алдына бір әңгіме. Ондай сапардың жауапкершілігі де оңай емес. Бір сөзбен айтқанда, мәдениет үйінің меңгерушісі ретінде де өз міндетімді адал атқарып жүрмін. Жерлесіміз, талантты композитор Нұрлан

Байғөзовпен байланыста болуымын мақсаты – ағаны арқа тұтып, ауылдан талантты балаларды шығару болды, – дейді Кемел Дабылбеков.

Ол қазақ эстрадасының маэстрасы, композитор, дирижер Нұрлан Байғөзовпен шығармашылық байланыста болып, сазгердің әндерін және басқа да жерлес сазгерлердің әндерін жас ұрпаққа үйретуден жалыққан емес. Есімі елге танымал ақын-сазгерлермен үнемі шығармашылық байланыста. Республикалық ақындар айтысының жеңімпазы Аруна Керімбек, Жәния Аманғелді, Нұрдаулет Сағаділда сияқты дүлдүлдер шыққан ауыл ел арасында «Тереңөзек – таланттар мекені» деп аталып кеткені белгілі. Сол таланттардың көпшілігі Кемелдің шеберханасынан өткен. Осы күні алыс шырдаққа қанат қағып кеткен, республикалық айтыстардың жүлдегері Аруна Керімбек: «Біз ауылда жүргенде ауылдық мәдениет үйінде жиі іс-шаралар өтіп тұратын. Мәдениет үйінің есігі жабылмайтын. Біз сол іс-шараларға қатысып, шындалдық. Сондықтан, Кемел ағайға айтатын алғысымыз мол», – дейді.

Кемел Дабылбеков 2016 жылы еңбегіне қарай «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне –



25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Отбасында үш ұл тәрбиелеп отыр. Жолдасы Анар – орыс тілі пәнінің мұғалімі.

Ауылдың қуанышты тойлары, іс-шаралары Кемелдің өнерінісіз өтпейді. Ол Тереңөзек ауылына мәдениеттің мәйегін сыйлап, тағылымын таратып жүрген азамат.

Т.Рыскулов ауданы